

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру саласы бойынша

2025-2026 оқу жылының бірінші (күз) жарты жылдық

ЕСЕБІ

Тараз 2025 ж

Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру саласы бойынша негізгі мақсат:

Мүгедектігі бар студенттерді сүйемелдей отырып, көмекші бағдарламамен қамтамасыз ету. Арнайы әдебиеттермен қамсыздандырып, ғимаратқа кіруге, оқу материалдарына, дәрістерге, тесттер мен емтихандарға студенттер үшін барынша оңтайлы түсінікті тұрпатта қолжетімділік орнату және ЖОО-дағы білім беру үдерісіне интеграциялау арқылы білім беруге қолжетімділік деңгейін жоғарылату бағытында мүмкіндік туғызу.

Қазіргі таңда университетте «Инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық қолдауы» ережесі қолданысқа еніп, мүмкіндіктері шектеулі студенттерді жалпы білім беретін ортада бірігу нысандары анықталып, ЖОО-да мүмкіншіліктері шектеулі студенттерді қолдау орталығы туралы ережесі әзірленді.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүгедектігі бар балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүгедектігі бар балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген.

Университет 2016 жылдан бастап инклюзивті білім беруді жүзеге асырып келеді. 2018 жылы қаңтар айында университет ректорының бұйрығымен «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығы ашылды. Университетте 2016-2017 оқу жылында мүмкіндіктері шектеулі 20 студент және 2 магистрант білім алса, 2017-2018 оқу жылы 34 студент, 2018-2019 оқу жылында 43 студент, 2019-2020 оқу жылында 61 студент, 2020-2021 оқу жылында 70 студент, 2020-2021 оқу жылында 87 студент, 2021-2022 оқу жылында 70 студент, 2022-2023 оқу жылында 101 студент, 2 магистрант, 2023-2024 оқу жылында 128 студент, 1 магистрант білім алуда, 2024-2025 оқу жылында 174 студент, 1 магистрант білім алуда, 2025-2026 оқу жылында 145 студент, 1 магистрант білім алуда.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру саласы бойынша құрылымы және оқу-өндірістік базасы

№ р/с	Жетекшінің аты- жөні	Қызметі	Мекеме аталуы	Орналасқан жері	Бұйрық №, күні, келісім- шарт нөмірі, жарамды лық мерзімі
1	Үсенова Сандугаш Мейрамбекқызы	Бас маманы	Әлеуметтік жұмыс басқармасының	М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті Төле би 60. 2.6. оқу ғимараты	Бұйрық № 444 21.11.201 7ж.
2	Рахымбай Ержан Жанғалиұлы	Маманы			
3	Доктырбай Аружан Биржанқызы	0,5 штаттық маман			

4	Устенбекова Алина Досмуқановна	0,5 штаттық маман	инклюзивті білім беру саласы		
5	Сатыпалдиев Жанибек Бакытович	0,5 штаттық маман			
6	Акимов Арман Қайратұлы	0,5 штаттық маман			

Университетте мүгедектігі бар студенттердің саны жылдан жылға артуда. Төмендегі кестеде сандық мәліметтер келтірілген.

Оқу жылы	Мүмкіндігі шектеулі студенттер саны	Магистранттар саны
2016-2017 оқу жылы	22	2
2017-2018 оқу жылы	34	-
2018-2019 оқу жылы	43	-
2019-2020 оқу жылы	61	-
2020-2021 оқу жылы	70	-
2021-2022 оқу жылы	87	1
2022-2023 оқу жылы	101	2
2023-2024 оқу жылы	128	1
2024-2025 оқу жылы	174	2
2025-2026 оқу жылы	145	1

Пайдаланатын оқу ақысына жеңілдіктер атауы 2025-2026 оқу жылындағы мүгедектігі бар студенттерінің санын жеңілдік пайызы

Пайдаланатын оқу ақысына жеңілдіктер атауы	2025-2026 оқу жылындағы мүгедектігі бар студенттерінің саны	Жеңілдік пайызы
Мемлекеттік грант	36	100 %
«Қазақ халқына қамқор қоры» Қорының Білім беру грант	29	100 %
Университеттің оқу ақысына жеңілдігі	7	100 %
Университеттің оқу ақысына жеңілдігі	2	50 %
Университеттің оқу ақысына жеңілдігі	26	30 %
Жатақхана ақысына жеңілдік	14	100 %

2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығында «Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру» саласының бастамасымен мүгедек студенттердің қатысуымен әр түрлі деңгейдегі іс-шара өткізді.

Ақпарат кестеде келтірілген.

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Өткізілген орны мен уақыты (әлеуметтік желі парақшалары)	Қатысушылар құрамы мен саны	Іс-шарада түсірілген сурет	Жауаптылар
---	---------------	---------	--	-----------------------------	----------------------------	------------

1	«Ата-аналармен кездесу»	ЖОО-на оқу процесінде кездесетін жағдаяттар туралы түсіндірме жүргізу. Ата-аналарға онлайн және оффлайн форматта психологиялық кеңес беру жұмыстарын жүргізу. Студенттердің ары қарай білімге деген құштарлығын ояту.	2025 жылдың 18 қыркүйек күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығы Инстаграмм: <u>@inkluzya_ortalyk_dulaty</u>	1. Тіркеу офисінің директорының орынбасары Мыркалыков Бауыржан Сейтжанович 2. Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ұлтанбаев Арнат Бегдалиевич	    	Орталықтың бас маманы Усенова С.М. Орталықтың үйлестіруші маманы Рахымбай Е.Ж.
---	-------------------------	---	--	---	--	--

						
2	«Психологиялық қолдау және бейімдеу жолдары»	Тренингке орталықтың студенттері және психология БББ-ның студенттерімен белсенді қатысып, психологиялық жаттығулар мен пайдалы кеңестер алу.	2025 жылдың 31 қазан күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Әлеуметтік психология» кафедрасы мен «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығы Инстаграмм: @inkluzya_ortalyk_dulaty	1. Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ұлтанбаев Арнат Бегдалиевич 2. Әлеуметтік психология кафедрасының аға оқытушы, психология магистрі Абдрахманова Айгул Тұрсынбайқызы 3. Қаратау тау-кен технологиялық колледжінің педагог-психологы Берденова Айнұр Саховна	   	Орталықтың бас маманы Усенова С.М. Орталықтың үйлестіруші маманы Рахымбай Е.Ж.
3	«Жан жылуы» атты психологиялық тренинг	Іс-шара барысында қатысушылар бір-бірімен үйлесімді әрекеттесуге, қолдау көрсетудің маңызын	2025 жылдың 18-19 қараша күндері М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің №1-2 Білімгерлері үйі Инстаграмм: @inkluzya_ortalyk_dulaty	1. Әлеуметтік жұмыс басқармасының Дінтану саласы бойынша бас маманы Алпысбаев бақтияр Қаржаубайұлы	 	Орталықтың бас маманы Усенова С.М. Орталықтың үйлестіруші

		сезуінуге мүмкіндік беретін түрлі психологиялық жаттығулар орындау.			    	мама ны Рахымбай Е.Ж.
4	«Инклюзивті бағыттағы спортшы студенттер» атты музейге экскурсия.	Ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің мәдени ортаға еркін кірігуіне жағдай жасау, тарихи-танымдық білімдерін кеңейтуге, сондай-ақ олардың	2025 жылдың 02 желтоқсан күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Орталық мұражайы Инстаграмм: @inkluzya_ortalyk_dulaty	1. Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ұлтанбаев Арнат Бегдалиевич 2. М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Орталық мұражайының меңгерушісі Тортаева Аксауле Калабаевна	 	Орталықтың бас маманы Усенова С.М. Орталықтың үйлестірушісі мамы Рахымбай Е.Ж.

		әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету.			 	
5	«Ерекше білім беруді қажет ететін және денсаулық жағдайына байланысты емтихандарды арнайы жағдайда тапсыратын студенттердің құқықтарының қамтамасыз ету» атты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.	Түсіндірме жұмыстары барысында емтиханды арнайы жағдайда ұйымдастыру тәртібі бойынша кең көлемде түсіндірме жұмыстары жүргізілуі.	2025 жылдың 04 желтоқсан күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығы Инстаграмм: @inkluzya_ortalyk_dulaty	1. Тіркеу офисінің директорының орынбасары Мыркальков Бауыржан Сейтжанович 2. Басқарма мамандары.	   	Орталықтың бас маманы Усенова С.М. Орталықтың үйлестіруші маманы Рахымбай Е.Ж.

Тренингтер арқылы оқытушы мен мүгедектігі бар студенттердің оқу үрдісінде шынайы қарым-қатынасын дамыту жолдары қарастырылды. Курсты тәмамдаған тыңдаушыларға арнайы сертификаттар табыс етіледі.

«Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру» саласы бойынша университет оқытушыларына, колледж, мектеп мұғалімдеріне Инклюзивті білім беру бағыты бойынша курсын өткізуде.

Төмендегі кестеде мәліметтер келтірілген.

№	Тақырыбы	Мекеме атауы	Қатысушы саны
1	Преподаватели университета прошли курс на тему: - «Инклюзивті білім беру жағдайындағы заманауи технологиялар»	М.Х.Дуллати атындағы Тараз университетінің оқытушылары мен мамандары	334
2	Преподаватели колледжа прошли курс на тему: - Инклюзивті оқыту шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттары	Сыртқы ақылы курс Колледж оқытушылары	192
3	Учителя школы прошли курс на тему: - «Инклюзивті оқыту және оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәжірибесі»	Мектеп мұғалімдері	
4	«Кәсіби инклюзивті білім беру және оқыту: теориясы мен тәжірибесі» курсы	Мекеме	
	Барлығы:		526

Университетімізде қысқы және көктемгі сессияларда мүгедектігі бар студенттерге емтихандарды «Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру» саласы бойынша тапсыруға барлық жағдай жасалынған.

Орталық мүгедектігі бар студенттерді инклюзивті оқытумен қатар, студенттердің әлеуметтік-мәдени оңалтуына қолдау көрсетуде. Студенттердің көпшілігі университеттің қоғамдық жұмысына белсене араласып келеді. Солардың ішіндегі Спорттың еркін күрес түрімен шұғылданады. Еркін күрестен есту қабілеті зақымданған ересектер арасында көптеген халықаралық және республикалық жарыстарға қатысып, жүлдегер атанған. Бірнеше дүркін әлем чемпиондары. Спорттың қол күрес (армрестлинг) түрімен шұғылданады. Көптеген халықаралық және республикалық жарыстарға қатысып, жүлдегер атанған. Бірнеше дүркін Азия чемпиондары. Арбадағы спорттық биден чемпион, Пара пауэрлифтингтен Жүзуден тірек-қимыл аппараты зақымданған және көру қабілеті төмен спортшылар чемпиондар. Көптеген халықаралық ғылым және республикалық жарыстарға қатысып, жүлдегер атанған.

Студенттер жарыс алдында және оқу барысында психологиялық кеңеске мұқтаж. Сондықтан әр жарыс алдында студенттермен кездесіп, оларды жігерлендіру жұмыстары жүргізіледі. Орталықтың үйлестірушісі студенттер мен ата-аналарға жыл бойында психологиялық кеңес жүргізуде.

Университетімізде мүгедектігі бар жандарды қолдау мақсатында жүргізіліп отырған игі шаралар түрлі ғылыми орталарда жасаған баяндамаларда айтылады.

Қазіргі уақытта білім алып жатқан 145 мүгедектігі бар студенттер білім алуда. Оның ішінде 1, 2, 3 топ бойынша университет ғимараттарының айналасында олардың қозғалысын шектейтін тірек-қимыл аппаратының аурулары бар.

Осы себепті, бұл студенттер оқитын оқу топтары үшін сабақ кестелері бірінші қабатқа орналастырылды. Мұндай кесте білім алуда мүгедектігі бар студенттердің болашақ кәсіби қызметінде қажетті коммуникативті, кәсіби және басқарушылық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Оқытушылардың қажетті әдістемелік көмекке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін студенттер «Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру» саласы бойынша қосымша білім алып, сабақтан тыс уақытта жеке кеңес ала алады.

Осы бағыттар бойынша білім алушыларға ыңғайлы болу үшін бірінші қабатта кітапхана, асхана, медициналық пункт, дәретханалар жабдықталған.


Төмендегі кестеде сандық мәліметтер келтірілген.

№ р/с	Факультет атауы	Оқу ғимараты ның мекен- жайы	Аудитор ия	Кітапх ана	Асхана	Дәретха на	Медици налық пункт	Жата қхана
1	«Жаратылыст ану ғылымдар» факультеті	Жамбыл даңғылы 16 А	5.3-110.	5.3.101	5.3.107	5.3.114/а	5.3.114	№ 2, 113 бөлме
2	«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті	Жамбыл даңғылы 16 А	5.1-107., 5.1-106	5.3.101	5.1.108	5.1.108/а	5.1.105	
3	«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті	Жамбыл даңғылы 16 А	5.4-108., 5.4-105/а	5.3.101	5.4- 108/а	5.4.108/в	5.4.108/б	
4	«Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті	Төле би 60	2.6-112., 2.6.100А, Инклюзи вті білім берудегі психолог иялық бейімдеу орталығы 2.6- 100/Б, Психолог иялық кеңес беру кабинеті 2.6-105 Психолог иялық- педагоги калық түзеу кабинеті	2.6-103 2.6-103	2.6-116 2.6-116	2.6.100/а 2.6.100/а	2.6-100 2.6-100	№1, 102- 104 бөлме
		Төле би 68	4.1.104	4.1.104 /б	4.1.104/ а	4.1.104/в	4.2.110	
5	Технологиялық факультеті	Төле би 60	2.1.- Демеу орталық	2.6-103	2.6-116	2.1./а- Демеу орталық	2.6-100	

			2.2.101	2.6-103	2.6-116	2.2.101/a	2.6-100	
			2.6-112., 2.6-105	2.6-103	2.6-116	2.6.100/a	2.6-100	
6	«Экономика және құқық» факультеті	Ы.Сүлей менов 13	1.3.101	1.3.107	1.3.110	1.3.111/a	1.3.111	

Осылайша, мүгедектігі бар студенттер толыққанды білім алу үшін оңтайлы жағдайлар жасалды, кітапхана қорларына, қуат көздеріне, медициналық көмек көрсету орындарына қол жетімділік қамтамасыз етілді. «Әлеуметтік жұмыс басқармасының инклюзивті білім беру» саласы бойынша студенттерге психологиялық, оқу-әдістемелік көмек көрсетіледі.

Әлеуметтік жұмыс
басқармасының басшысы
/қызметі/


/қолы/

А.Б. Ұлтанбаев
/аты-жөні/

Әлеуметтік жұмыс басқармасының
инклюзивті білім беру саласы
бойынша бас маманы
/қызметі/


/қолы/

С.М. Үсенова
/аты-жөні/